

Бекітемін: *Асқар*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!»

(ортаңғы, «Толағай» тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық, 2025ж

Тақырыбы: «Жол ережесін білейік, аман - есен жүрейік!»

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, балаларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: көше ережесін сақтау тақырыбына салынған әр түрлі суреттер, бағдаршам, жол белгілері.

Жүргізуші: - Арманға алда күткен асығамыз, Біз қалай толқын атпай басылармыз. Жол жүру ережесін жақсы біліп, Сақтықпен жүре алатын жас ұланбыз! Жалғайтын достастырып бар елменен, Жолдардан тұрады ғой әлем деген, Бүгінгі бізге келген қонақтарға ойынымыз басталсын сәлемменен!

Жүргізуші: Жол - көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол - көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде.

Міне, осы мақсатта біздің балаларымыздың арасында «Жол жүру ережесін сақтайық» атты жол ережелеріне арналған ойын сауық өткізілуде. Ендеше, қош келдіңіздер!

- Балалар, бағдаршамды ортаға шақырайық

Жол бағдаршамы:

Сәлем, балалар! Мені барлық елдің балалары жақсы біледі. Бүгін сендерге арнайы келдім.

Жүргізуші

Қош келдің, бағдаршам! Бүгінгі ойын сауығымыз бәріміз үшін маңызды.

Жүргізуші - Бүгін балалар жол жүру ережелері бойынша өздерінің білімдерін сарапқа салмақшы.

«Қызылдар», «Сарылар», тобы болып сайысқа түседі.

Сонымен ортаға қатысушы топтарды қошеметпен шақырайық!

Бүгінгі бағдарламада:

1. «Таныстыру» Өз орныңды тап, әр топ өздерінің ұрандарымен топ аттарымен таныстырып өтеді.
2. «Кім жылдам» Машинаға мініп жолдың арғы бетіне жарысып келу.
3. «Бағдаршам». Берілген доптарды бағдаршам түстерімен сәкестендіру керек.
4. «Сен білесің бе?», жол белгілерінің суреттері құрап, соның аттарын атайды
5. Топ аралық жарыс кедергілер арасынан өту

Жүргізуші 1 - сайысымызда: Өз орныңды тап, әр топ өздерінің ұрандарымен топ аттарымен таныстырып өтеді

«Қызылдар» тобы: Топтың аты «Қызылдар»

Ұраны:Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.

«Сарылар» тобы: Топтың аты «Сарылар»

Ұраны:Сары көзін ашқанда
Қарап қалма аспанға

2 сайысымыз «Кім жылдам» Машинаға мініп жолдың арғы бетіне жарысып келу.

Жүргізуші

Көреген дәу қырағы
Көшемізде тұрады
Оның аты бағдаршам
Жол сілтейді әрқашан
Ол бергенде команда
Бағынамыз әрашан.

3 - сайыс «Бағдаршам».

4- сайыс «Сен білесің бе?», жол белгілерін еске түсіру, қиылған суреттерден жол белгілерін құрастыру. Бағдаршам топ тапсырмаларының жұмысын қарап шығады.

Жүргізуші: Қып-қызыл үшбұрыш
Ескерту белгісі мен болам
Қауіптен сақ бол деп
Сәт сапар жолдаған.

5 - сайысымыз: Топ аралық жарыс кедергілер арасынан өту

Жүргізуші:

Жол созылмақ қаншаға
Қайда асхана, монша бар
Қонақ үй бар қай жерде
Қайда музей, қай көрме
Көрсетемін саған дәл
Не көрсетсем, соған бар!
Жолда абай болыңдар. Әрқашан жолыңдарың болсын балалар!

Бағдаршам: - Балалар жолда жүру ережелері туралы білімдеріңіз бар екен, сендерге ризашылығымды білдіріп мына сыйлықты тарту етем.



